

«Бекітемін»_____

Мектеп-интернат директоры А.Байрак

«___» _____ 2024 жыл

**«Кемел Білім» мектеп-интернатының
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ**

Ақтөбе, 2024 жыл

«Кемел Білім» мектеп-интернаты

ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

Оқушылардың мектептегі тәртіп ережесі

1. Оқушылар тәртібі туралы жалпы ереже

1.1 Оқушылар:

- оқуға мектеп-интернат үлгісіндегі киіммен келуге;
 - үлкендерге құрметпен қарауға;
 - кішілерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, ерекшелігі бар жандарға көмек көрсетуге;
 - мектеп-интернат тазалық сақтауға, мүлкін күтіп ұқыптылықпен ұстауға;
 - мұғалімдер мен қызметкерлерге құрмет көрсетуге және тапсырмаларын орындауға;
 - ынталы оқуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге және білімді табандылықпен меңгеруге;
 - сабақтан қалмауға, сабаққа және басқа да іс-шараларға кешікпей, уақытылы келуге;
 - мектеп-интернат ережелері мен талаптарын (мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, сынып жетекшілер мен оқушылар ұйымының шешімдерін) орындауға;
 - мектеп-интернаттың қоғамдық және мәдени өміріне белсене қатысуға;
 - өзінің білімін, мәдени деңгейін әрқашан көтеріп отыруға, өз бойында жақсы эстетикалық талғам мен әдептерді қалыптастыруға;
 - жаман әдеттерге әуестенбеуге (ішімдік, темекі шегу, электронды темекі әкелу, жаман сөз айту, ұрысу, ұрлық жасау, т.б.);
 - жеке бас гигиенасын сақтауға, денесін шынықтыруға, мектепте және басқа да қоғамдық орындарда тәртіп пен тазалық сақтауға;
 - ұжымда достық қарым-қатынас орнатуға, бірін-бірі құрметтеуге, бір-бірінің абыройы мен намысын қорғауға;
 - табиғатқа (өсімдік, жан-жануар, т.б.) нұқсан келтірмей, қамқор болуға
- МІНДЕТТІ.**

1.2 Оқушылар мұғалімдерге, өздерінен жасы үлкен адамдарға «Сіз» дейді.

1.3 Оқушылар үлкендерге жол береді.

1.4 Өзара түсініспеушілік жағдай болғанда ешқашан күш қолдануға, жаман сөздермен балағаттауға болмайды.

1.5 Оқушыларға:

- сабақ уақытында мектеп-интернаттан әкімшілік мүшелерінің, сынып жетекшілердің, мұғалімдердің рұқсатынсыз кетуге;
- мектеп-интернат ғимаратына және ауласына қару, өртке қауіпті жарылғыш, жанғыш сұйықтық, газ баллонын, темекі, спирттік ішімдіктер, есірткі, адамды жындандыратын, естен тандыратын, қанын

қыздыратын құралдар, сонымен бірге улы және токсиндік заттар әкелуге;

- ұялы телефон және тағы басқа сабаққа қатысы жоқ техникалық құралдарды сабақ уақытында пайдалануға **РҰҚСАТ БЕРІЛМЕЙДІ.**
- Ұялы телефон және басқа да бағалы заттарды әкеліп, жоғалтқан жағдайда мектеп-интернат әкімшілігі жауап бермейді.

1.7. Мектеп-интернат оқушыларына:

- терезе алдына, шкафтарға, шатырға мінуге;
- электр жүйелерін, қосып-айыратын нүктелі жәшіктерді ашуға;
- мектеп мүлкінің, басқыш сатының ұшты бұрыштарына отыруға, асылып тұруға, басқаларды итеруге;
- шаруашылық заттар қоймасына кіруге **өмірі мен денсаулығына қауіпті болғандықтан, қатаң тыйым салынады.**
- сырттан рұқсат берілмеген тамақ түрлерін мектеп-интернатқа әкелуге болмайды.

Жатақхана күн тәртібі:

07:00 - 07:45 ұйқыдан тұру, бөлме тазалығы

07:30 - 08:00 таңғы ас

08:45 - 09:25 1-сабақ

09:25 - 9:35 үзіліс

09:30-10:10 2-сабақ

10:15-10:35 кітап оқу

10:35-10:55 жеңіл ас

10:55-11:35 3-сабақ

11:35-11:40 үзіліс

11:40-12:20 4-сабақ

12:20-12:25 үзіліс

12:25-13:05 5-сабақ

Түскі ас (9-11 сыныптар)

13:55-14:35 6-сабақ

14:35- 14:40 үзіліс

14:40-15:20 7-сабақ

15:20-15:25 үзіліс

15:25-16:05 8-сабақ

16:10-7:00 үйірме сабақтары, олимпиадаға дайындық

Сабақтан кейінгі іс-шаралар:

18:00-19:00 кешкі ас

19:00-19:50 1-сабаққа дайындық

19:50-20:10 үзіліс, кешкі жеңіл ас

20:10-21:00 2-сабаққа дайындық

21:00-22:00 кешкі іс-шара

22:00-22:30 ұйқыға дайындық

22:30 ұйықтау

2. Сабақ басталғанға дейін:

2.1. Оқушылар сабақтың басталуына 30 минут қалғанда таза, ұқыпты киініп келеді.

Макияж, татуаж, пирсинг жасап келуге, әшекей бұйымдар тағуға, шаш бояуға немесе ұзын шашты жіберіп қоюға болмайды.

3. Сабақ кезінде:

3.1. Сынып бөлмесіне мұғалім кіргенде оқушылар орнынан тұрады.

Сәлемдескеннен кейін мұғалімнің рұқсатымен орындарына отырады.

Сабақ кезінде кабинетке кірген адамға оқушылар орнынан тұрып сәлемдеседі. Мұғалім немесе басқа да жасы үлкен адам кабинеттен шыққанда оқушылар орындарынан тұрады.

3.2. Сабақ кезіндегі тәртіп ережелерін пән мұғалімі белгілейді.

3.3. Сабақ үстінде шулауға, басқа оқушыларды алаңдатуға, әңгіме айтуға, сабаққа қатысы жоқ басқа іс-әрекеттермен шұғылдануға, ойын ойнауға болмайды.

3.4. Егер оқушы сұрақ қойғысы келсе немесе жауап бергісі келсе, қол көтереді.

3.5. Егер оқушы денсаулығына байланысты сабақтан қалса, сынып жетекшісіне дәрігерлік анықтама немесе қажетті жағдайларда ата-анасынан мәлімдеме қағаз әкеледі.

3.6. Сабақтан себепсіз қалуға және сабаққа кешігуге болмайды.

3.7. Ережелерді бұзған оқушыларға алдымен ескерту беріледі, бірақ егер бұзушылық жалғаса берсе, олар тәртіптік кеңеске шақырылады.

3.8. Сабақ уақытында телефондарды пайдалану ережесі бар. Сабақ барысында оқушыларға телефондарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

4. Үзілісте және сабақ аяқталғаннан кейін оқушылар:

- өздерінің отыратын, жұмыс істейтін орындарын ретке келтіруге;
- ауаны тазарту үшін сынып бөлмесінен шығуға;
- кезекші мұғалім мен мектеп-интернат қызметкерлерінің талаптарын орындауға **МІНДЕТТІ**.

4.1. Үзілісте:

- басқыш сатымен және фойеде, оқу кабинетінде, асханада жүтіруге, ойнауға;
- бір-бірімен алысуға, әр түрлі заттарды лақтыруға, дене күшін қолдануға;
- айқайлауға, жаман сөздер айтуға, шулауға, басқа оқушылар мен мұғалімдердің демалуына **кедергі жасауға болмайды**.

4.2. Асханада оқушылар:

- ыстық және сұйық тағамдарды тұтыну кезінде сақтықты басты назарда ұстайды;
- асханада дайындалған тағамдар мен шырындарды тек асханада ішеді;
- аспазшылар мен кезекші мұғалімдер қойған талаптарға бағынады;
- тамақтану кезінде бір-бірімен әңгімелеспейді;
- тамақтанып болғаннан кейін ыдыстарды белгіленген орынға қояды;

ҚОРЫТЫНДЫ:

Мектеп-интернаттың «Ішкі тәртіп ережелерін» бұзған жағдайда оқушыларға

- *ескерту айтылады;*
- *ата-аналарына хабарланады;*
- *тәртіптік кеңесте мәселе қаралады;*
- *ескертулер қайталанған жағдайда оқушылар мектеп-интернаттан шығарылуы мүмкін.*

Мектеп- интернат директоры

А. Байрак